

**Аудандық мәслихаттың 2017 жылғы 17 ақпандағы № 126 "Махамбет аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Атырау облысы Махамбет аудандық мәслихатының 2017 жылғы 26 мамырдағы № 148 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 4 шілдеде № 3906 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Махамбет аудандық мәслихатының 2018 жылғы 28 наурыздағы № 222 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Махамбет аудандық мәслихатының 28.03.2018 № 222 шешімімен.**

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** :

1. Аудандық мәслихаттың 2017 жылғы 17 ақпандағы № 126 "Махамбет аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3796 санымен тіркелген, 2017 жылғы 16 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімімен бекітілген Әдістемеге келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 4-тармақта:

"тікелей басшысы" деген сөздерден кейін "тұлға" деген сөз алынып тасталсын

;

орыс тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;

2) 14-тармақта:

"бойынша" деген сөз "жөніндегі" деген сөзбен ауыстырылсын;

орыс тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;

3) 19-тармақта:

"орындау" деген сөз "атқарушылық" деген сөзбен ауыстырылсын;

орыс тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;

4) 26-тармақта:

формула "мұнда" деген сөзбен толықтырылсын;

орыс тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;

5) 30-тармақта:

"шәкіл бойынша" деген сөздерден кейін "қойылады" деген сөз алынып тасталсын;

орыс тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;

6) 32-тармақта:

"бойынша" деген сөз "арқылы" деген сөзбен ауыстырылсын;

орыс тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;

орыс тіліндегі мәтінінде "28" деген сан "27" деген санмен ауыстырылсын;

мемлекеттік тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;

"5-балл" деген сөздерден кейін "беріледі" деген сөзбен толықтырылсын;

орыс тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;

7) 33-тармақта:

"мынадай" деген сөз "келесі" деген сөзбен ауыстырылсын;

орыс тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;

"шәкіл бойынша" деген сөздерден кейін "қойылады" деген сөз алынып тасталсын;

орыс тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;

8) 35-тармақта:

"шығарады" деген сөз "қабылдайды" деген сөзбен ауыстырылсын;

орыс тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;

"Комиссия" деген сөзден кейін "тоқсандық және жылдық" деген сөздермен толықтырылсын;

орыс тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;

2. Әдістеменің 4-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалып, орыс тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау "Махамбет аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесіне жүктелсін (И. Даулетов).

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың кезектен*

*тыс 12-сессиясының төрағасы*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*А. Құрманберлиева*

*М. Мырзашев*

*Аудандық мәслихаттың 2017 жылғы 26 мамырдағы № 148 шешіміне қосымша  
Аудандық мәслихаттың 2017 жылғы 17 ақпандағы № 126 шешіміне 4 қосымша*

Нысан

**Бағалау жөніндегі комиссия отырысының хаттамасы**

---

(мемлекеттік органның атауы)

---

(бағалау түрі: тоқсандық /жылдық және бағаланатын кезең тоқсан және (немесе) жыл)

Бағалау нәтижелері

№ р/с	Қызметшілердің тегі, аты, әкесінің аты(болған жағдайда)	Бағалау нәтижелері туралы мәлімет	Бағалау нәтижелері комиссиямен түзетілуі (бар болған жағдайда)	Комиссияның ұсыныстары
1.				
2.				

Комиссия қорытындысы:

---

---

Тексерген:

Комиссияның хатшысы: \_\_\_\_\_ Күні: \_\_\_\_\_

(тегі, аты- жөні, қолы)

Комиссияның төрағасы: \_\_\_\_\_ Күні: \_\_\_\_\_

(тегі, аты- жөні, қолы)

Комиссияның мүшесі: \_\_\_\_\_ Күні: \_\_\_\_\_

(тегі, аты-жөні, қолы)